

Ортопедиялық стоматология кафедра



Меңгеруші к.м.н. Есиркепов А.А.
Баяндаушы доцент Аскарова Ш.Н.

Ортопедиялық стоматология

- Ортопедиялық стоматология – тіс-жақ аймағының қызметінің және бүтіндігінің бұзылыстарын реттеуші аппараттармен емдеуге және оның диагностикасына бағытталған стоматологияның бір бөлігі. Ортопедия ең алдымен қаңқаның қисаюын түзететін медицинаның бір бөлігі ретінде қалыптасты, кейін «ортопедическая стоматология» термині енгізілді

Ортопедиялық стоматология зерттейді:

- Ортопед артикуляция заңдарын оқытады (сөйлеу, күлу, ән айту сияқты).
- Бүгінде ортопедиялық стоматология тістерді емдеу мен қалпына келтірумен ғана емес, сонымен қатар адам организмiнiң бұзылыстарының себептерiн зерттейдi. Адамның ауыз қуысындағы өзгерiстер оның денсаулығына тiкелей әсер етедi.




- Ортопед басқа мамандармен: тіс технигімен, хирургпен, ортодонттармен тығыз байланыста болады. Ортопед жұмысының мақсаты тістердің ақауын немесе зақымдалған тістерді қалпына келтірумен ғана емес, сонымен қатар тіс қатарының қисаюын, өзгерісін, көрші тістердің орын ауыстыруын, олардың қозғалғыштығының алдын алумен айналысады.

Ортопедиялық стоматология айналысады:

- Ортопедиялық стоматология науқастың сыртқы бейнесін қалыптастыратын эстетикалық стоматологияның бір бөлігі. Бұл кезде тістің сыртқы қалпы: түсі, пішіні, мөлшері, тістің орналасуын, эстетикасын қалпына келтіру.



- Ортопедиялық стоматология негізіне тістер мен тіс қатары кетігін ортопедиялық құрылыммен қалпына келтіру жатады. Тістерді қалпына келтіру дегеніміз тіс қатары ақауын заманауи стоматологиялық материалмен толықтырып, тісті бастапқы қалпына келтіру.



Ортопедиялық стоматология айналысады:

- Тістер мен тіс қатары кетігін қалпына келтіреді
 1. всалма;
 2. сауыт;
 3. Көпір тәрізді протез;
 4. люминир;
 5. виниры
- [Алынбайтын протездеу;](#)
- Алмалы протездеу:
 1. Жартылай алмалы протез;
 2. Доғалы протез;
 3. Толық алмалы протез
- Шендеуші протезыдер;
- Нейлонды және акрилды протез;
- Имплантпен бекітілетін протез;
- Қалпына келтіруші протездер;
- all-on-four әдісімен тістердің имплантациясы;





- *Алынбайтын протездер бір немесе бірнеше жасанды тістерден тұратын, тіс қатары кетігін толықтырып, көрші тұрған табиғи тістерге бекіткіш элементтермен бекітілетін құрылым. (имплант, сауыт, салма)*

Винирлер



Салмалар



Қалыпталған сауыт

Қалыпталған сауыт- бір тістің сауыт бөлігін толығымен қаптайтын қалпақша. Ол қалыптау әдісі арқылы жасалып, цементтің қалың қабатымен бекітіледі



Пластмассадан жасалган сауыт




Металлокерамикалық сауыт



- *Көпір тәрізді протез – бұл «көпірге» ұқсас алынбайтын ортопедиялық құрылым. Олар тірек тістерге сауыттар, штифті бар сауыттармен, салмалармен бекиді. Олардың ерекшелігі жасанды тістерден тұратын аралық бөлігінің болуында. Көпір тәрізді протез бір немесе бірнеше тіс ақауында қолданылады. Ол бір немесе бірнеше тіс ақауында қолданылады.*

Көпір тәрізді протез түрлері

- Қалыпталып – дәнекерленген
- Тұтас құйылған
- Металлокерамикалық
- Металлопластмассалы
- Пластмассалы
- Оксид цирконий негізінде



Тұтас құйылған



24stoma.ru

Пластмассовые



Қалыпталып-дәнекерленген



Металлокерамикалық



Металлопластмассалы



Оксид цирконий негізінде



Жартылай алмалы протез





- Доғалы протез





Толық алмалы протез



- Қазіргі таңда ортопедиялық стоматология ғылыми пән болып саналады. Стоматологиялық көмек бірнеше бағыттарға бөлінеді:
 - Тістің бүтіндігін қалпына келтіру;
 - Алынбалы протез (жартылай немесе толық);
 - Алынбайтын протез(металлокерамика);
 - Алынбайтын протез (имплантация);
 - Комбинирленген ортопедиялық стоматология.



- Диоксид циркониді қолданумен жүргізілген заманауи өндірістер, мэтроның айтуы бойынша ортопедиялық стоматологиядағы нағыз өрлеу, алға басу болып табылады. Төзімділігі жоғары кристалдық материалдар медицина саласында бұрыннан қолданылып келеді. Оларды бел жамбас сүйегі буын басын дайындау үшін қолданған.ал стоматологияда 1993 жылдан бері қолданылып келеді.



Алдыңғы қатарлы технологиялар

- Қазіргі таңда CAD/CAM жүйесі ортопедиялық стоматологияға енгізілді. CAD/CAM үрдісінде (Computer Aided Design -- Computer Aided Manufacture) сандық көлемдегі сканерлеу арқылы алдыңғы ақпараттарды алып, оны арнайы компьютерге жіберіп, осы компьютермен басқарылатын автомат-станокпен өңделеді.



CAD/CAM жүйесінің аппараттары 3элементтен тұрады:

- 1) 3D (үш өлшемді) сканер;
- 2) аппаратты өңдейтін және болашақ протезді мүсіндейтін компьютер;
- 3) реставрация жүргізетін, компьютермен басқарылатын автомат – станок.

Ортопедиялық стоматологияда қолданылатын материалдар

Стоматология — ең материалды қажет ететін самая медициналық мамандық, соның ішінде ортопедия бөлімі басқа мамандықтардың ішінде алдыңғы орында.

- **Ортопедиялық емдеу мекемелерінде негізгі, қосымша, клиникалық материалдар қолданылады.**



- Негізгі — тіс протезі, аппараттар, шендеуіштерді жасауға арналған материалдар.
- Негізгі материалдарға жатады:
 - — металл және олардың қорытпалары;
 - — керамика (стоматологиялық фарфор и ситалл);
 - — полимер (негіздік, қаптауыш, эластикалық, тез қатаятын пластмасса);
 - — композиттік материалдар;
 - — пломбалық материалдар.



- Протезді дайындау көп кезенді қиын технологиялық үрдіс: қалып алу, қалыптау, құю, дәнекерлеу, полимеризациялау және т.б..
Бұл кезде клиникалық және зертханалық кезенді жүргізуге қажетті қосымша материалдар қолдану қажеттілігі туындайды.

- *Қосымша* материалдарға жатады:
- • мүсіндеуші;
- • қалыптық;
- • абразивті;
- • жылтыратқыш;
- • оқшаулағыш;
- • жеңіл балқитын құймалар;
- • дәнекерлегіш материалдар;
- • флюс;
- • ағартқыштар.



- Ортопедиялық стоматологияда қолданылатын клиникалық чesкиe шығын материалдары – дәрігер стоматологпен клиникалық қабылдауда қолданылатын материалдар. Бұл топқа пломбалық және қалыптық материалдар, балауыздар жатады.



- Бүгінде ортопедиялық стоматология композиттік материалдарды, керамикалық материалдар және әр түрлі металл қорытпалары кеңінен қолданады.
- Жоғары технологиялар мен заманауи материалдар протездің сыртқы көрінісін жақсартып қана қоймай, сондай-ақ ұзақ уақыт бойы қызмет етуін, пациентке ыңғайлы жағдай тудырады.

- **Ортопедия — жоғалған тістің қызметін қалпына келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар ауыз қуысында ешқандай ыңғайсыздық тудырмай, эстетикалны қалыптастырып, сізге әдемі күлкі сыйлайды.**



Спасибо за внимание!!!